

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бөбекжай бақша кешені



директоры

Бердімбетова Ж.С.

# АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Жеті лақ ертегісі математика әлемінде»

«Күншуақ» ересек тобы

Тәрбиеші: Жеңісова А.Т

### **Шаттық шеңбері:**

Білер қазақ баласы,  
Сәлем- сөздің анасы.

Алдымыздан кезіккен,

Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен,

Біздер сәлем береміз.

Қайырлы таң, көк аспан,

Қайырлы таң, жер-ана.

Қайырлы таң, достарым,

Қайырлы таң, қонақтар!

Балалар қолдарын жоғары көтереді, кеудеге қояды.

**-Тәрбиеші:** Балалар есімізге түсіріп көрейікші, біздер қандай ертегілерді білетін едік?

**Балалар:** - «Екі әтеш» ертегі , «Бауырсақ» ертегі , «Түлкі мен Тырна» ертегі, «Қызыл телпек» ертегі «Қарлығаш пен дәуіт», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегілері.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар, біздер көп ертегілер білеміз екен. Ендеше балалар, «Жеті лақ» ертегісін есімізге түсірейікші!

-Ертегіде қандай кейіпкерлер бар ?

-Ешкі күнде қайда барады екен?

-Қасқыр не істеді?

-Қасқырдың орнында болсандар не істеушедіндер?

-Бүгін біз жеті лақ ертегісіне тоқталамыз.

Баяғыда орманда бір ешкі мен жеті лағы өмір сүріпті. Бірде Ешкі орманға лақтарына сүт тамақ әкелуге жиналыпты. Ол кетісімен лақтары үйшіктің есігін іліп алып, өздері ешқайда шықпайды екен. Ешкі орманнан келген соң, есікті қағып:

Лақтарым, шырақтарым!

Аша қойыңдар, аша қойыңдар!

Аналарың келді-

Сендерге сүт әкелді. - деп өлеңдетеді екен.

Ал сол орманда бір ашкөз көкжал қасқыр өмір сүріпті, ол бірде ешкінің лақтарымен қоштасып орманға кетіп бара жатқанын байқап қалады да лақтарды алдамақ болады. Сөйтіп үйшікке жақындап жуан дауысымен

ешкінің әнін айта бастайды. Лақтардың ішіндегі бір ақылдысы анасының дауысы еместігін байқап қалады да есік ашпайды. Қасқыр болса ашуланып ұстаға барып даусын жіңішкертіп алады да қайтып оралады. Жіңішке дауысымен әндете бастайды. Лақтар аналары екен деп ойлайды. Сөйтіп есікті ашпақ болады. Ал ақылды лақ болса ашпаңдар бұл біздің анамыз емес дейді. Бірақ оны ешкім тыңдамайды. Есікті ашып жібереді. Есікті ашқаны сол еді. Қасқыр лақтарға тап беріп ұстап алады да үйіне алып кетіп жемекші болады. Тек бір лақ қана пештің ішіне тығылып үлгереді. Біраз уақыттан соң ешкі оралады. Ешкі үйшігін қараса есігі ашық жатыр екен. Пештің ішіне тығылған лақ анасына жүгіріп келіп болған жайтты айтып береді. Ешкі болса лақтарын іздеп Қасқырға келеді. Қасқыр егер менің тапсырмамды орындасандар лақтарды жіберем дейді. Сол ешкі бүгін бізге қонаққа келді балалар.

**Ешкі:** -Сәлеметсіңдерме балалар! Балалар мен сендерге орманнан келе жатырмын. Мен күнде орманға барып лақтарыма сүт, тамақ әкелетінмін. Бүгінде орманға барып едім менің орманға кеткенімді пайдаланып көкжал қасқыр менің лақтарымды ұрлап кетіпті жібермеймін дейді. Қасқырдың тапсырмалары бар екен сол тапсырмаларды орындасаң ғана жіберем дейді. «Кел балалар» балабақшасындағы «Айгөлек» тобының балалары тапсырмаларды жақсы орындайды дегенді естіп сендерден көмек сұрап келдім. Маған көмектесесіңдерме?  
-Балалар біздер ешкіге көмектесіп қасқырдың тапсырмаларын орындаймызба?

**Балалар:** Иә

**Тәрбиеші:** Ендеше Ешкі ханым біздің балалар тапсырманы орындағанша сен біздің балалардың қасына отырып сәл демалып, біздің балалардың білімін қара.

**Тәрбиеші:** Балалар біз бір тапсырманы орындасақ қасқыр бір лақты босатып отырады екен.

*I-тапсырма:* 1-ден 10ға дейін тура, кері санау.

**Дидактикалық ойын:** Жоғалған санды табу.

**Тәрбиеші:** Міне балалар біз бірінші тапсырманы орындап бір лақты құтқардық. Енді екінші тапсырманы қарайық.

*II-тапсырма: Математикалық жұмбақтар*

1. Өткізген тырна сабаққа,  
Қатысты жеті сауысқан,

Үшеуі ғана олардың,

Дайындалған сабаққа.

Неше жалқау сауысқан

Қатысқан осы сабаққа?( 4)

2. Бір алманы 4-ке бөлдім,  
, Бір бөлігін жеп те көрдім.

Қалған үлкен 3 бөлігін,  
Қасымдағы 3 досыма бердім.

Қолымда менің не қалды. ( 0 )

3. Мұз айдынында 7 бала,

Асыр сап жүр сырғанап.

Сырғанамай 2 бала

Жағалауда тұр қарап,

Енді осы баланың

Санын айтсақ жарадың (9)

**Тәрбиеші:** Балалар міне сендердің көмектерің арқаларыңда біз екінші лақытда құтқардық.

***III-тапсырма: Сандар жыры (сандар туралы тақпақтар)***

**Аділ:** Мені келсе білгің

Мен таяқша бірмін

Сандарға жол бастап

Ең бірінші тұрмын.

**Ақмарал:** Бірден кейін тұрамын

Бірден кейін тұрағым

Бірді бірге қосқанда

Мен шығамын қарағым

**Сұлухан:** Екіден соң әрқашан

Үшінші мен тұрамын

Қағазға сызып түсірсен

Екі ирек саламын

**Қайсар:** 3 қашанда тақ саны  
Жұп болғанға не жетсін

Төрт дегенің баяғы

Төрт түліктің аяғы.

**Ернұр:** Төрттен кейін бесті  
Білу оңай десті

Төртеуін бүгіп санасаң

Табасың оңай бесті

**Аружан:** «Алақай!» дер келді күн,  
Алтыдамын мен бүгін.

Алты жасқа келмекші,

Алғы аптада енді кім?!

**Санжар:** Жазда шөпті шабар,  
Қыста тыныш табар.  
Шалғы бар әр үйде,  
Жетіге ұқсас бәріде.

**Рахматулла:** Сен де, мен де баламыз,  
Сегіз санын саламыз.

Сегіз деген екі төрт,

Сегіз жаста ағамыз.

**Палина:** Рет-ретімен санасақ,  
Тоғыз саны домалап,

Сегізден кейін келеді.

Жіңішке таяқ тірегі.

**Айым.** Он, білесің, басы ашық  
Тоғыздан кейін келеді.

Саусақтарды санап шық,

Есебін сол береді!

**Тәрбиеші:** Міне біз үшінші лақтыда құтқардық, ендеше шамалы бойымызды жазып сергіп алайық.

**Сергіту сәті:** Ал, балалар тұрайық,  
Үлкен шеңбер құрайық.

Оңға,оңға түзу тұр!

Солға,солға түзу тұр!

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым,

Жоғары-төмен қарайық,


Орнымызды табайық.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар сергіп алсақ ендігі тапсырмаларды үстел-үстінде орындаймыз, келе қойыңыздар.

Соедини числа с подходящим количеством предметов.



**IV-тапсырма:** Санға сәйкес суретті тап? (үстел үстінде)



V-тапсырма: Есепте, жаз (үстел үстінде)

**Тәрбиеші:** Балалар міне тағы екі лақты құтқардық осымен біз неше лақты құтқарыппыз, қане санайықшы.

**Балалар:** 5 лақты құтқардық.

**Тәрбиеші:** Иә дұрыс айтасындар енді неше лақ қалды екен?

**Балалар:** бір лақ қалды.

VI-тапсырма: «Тез ата»

**Шарты:** Тәрбиеші доп лақтырып сұрақ қояды, балалар тез жауап беріп допты қайта қайтарады.

1. Аспанда неше күн бар? 1
2. Алма үлкенбе, түйме үлкенбе? Алма үлкен.
3. Шаш ұзын ба, қас ұзынба? Шаш ұзын.
4. Кемпірқосақта неше түс бар? 7
5. Бағдаршамда неше көз бар? 3
6. Адамда неше саусақ бар? 5

7. 5 санының көршілері? 4 пен 6
8. Жұлдыздың неше бұрышы бар? 5
9. Жол ұзын ба, қол ұзын ба? Жол ұзын.
10. Аспанда неше жұлдыз бар? Көп.
11. Көлікте неше доңғалақ бар? 4
12. Қоян жүйрік пе, таспақа жүйрікпе? Қоян
13. Төртбұрыштың неше бұрышы бар? Төрт
14. Сопақшаның неше бұрышы бар? Бұрышы жоқ.
15. Дөңгелектің неше бұрышы бар? Бұрышы жоқ.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар міне біз Ешкі ханымға көмектесіп лақтарын құтқардық. Біздер неше лақты құтқардық?

**Балалар:** алты

**Тәрбиеші:** Неге алтауын құқардық?

**Балалар:** Себебі жетінші лақ пештің ішіне тығылып қалды, сосын оны қасқыр алып кеткен жоқ, ол анасының жанында болды.

**Тәрбиеші:** Ал Ешкі ханым біздің балақайлар сенің лақтарыңды құтқарып қалды.

**Ешкі:** Балалар менің лақтарымды құтқарып қалғандарың үшін рахмет сендерге, балалар мен құрғол келген жоқпын сендерге сыйлық ала келдім. (Балаларға сыйлықтарды үлестіріп береді)

**Ешкі:** Балалар мен лақтарымды алып орманға үйшігіме қайтайын, сендерге көп көп рахмет! Сау болыңдар!

**Қарытындылау:**

-Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?

-Ешкі бізге жәйша келдіма, неге келді?

-Ал біз лақтарды құтқару үшін қандай тапсырмаларды орындадық?

-Балалар сендерге бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі ұнадыма?

-Рахмет.

-Балаларды мадақтау.